

"Ақтөбемұнайгаз -СНПС" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сенімгерлік басқаруға беру туралы<*> Ескерту. Қаулының күші тоқтатыла тұрсын - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1929 қаулысымен.~P001929 Ескерту. Тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.13. N 347 қаулысымен.~P010347

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 желтоқсан N 1846

"Ақтөбемұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сенімгерлік басқаруға беру туралы Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасын акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқару, мұнай өндіретін салаға қосымша инвестицияларды тарту, Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін арттыру тетігі арқылы республика экономикасының жекелеген салалары қызметінің тиімділігін арттыру бөлігінде іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешеледіру комитеті:

1) заңнамада P990659_ белгіленген тәртіппен "Ақтөбемұнайгаз - СНПС" ашық акционерлік қоғамы жарғылық капиталының 25,12 пайыз мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакетін сатып алу және оқшаулау құқығының уәкілетті органмен келісім бойынша оларды тиісінше басқару мақсатымен сеніп берілген мүлікпен өзге де іс-қимыл жасау құқығымен 5 (бес) жыл мерзімге отын-энергетикалық кешенде, соның ішінде мұнайгаз саласында үлкен активтері мен өндірісті басқару тәжірибесі бар Тюмень мұнай компаниясының ірі акционері "Access Industries" компаниясына сенімгерлік басқаруға беруді жүзеге асырсын;

2) сенімгерлік басқаруға беру шартының талаптарында сенімгерлік

басқарушының:

көмірсутек шикізатын өндіру мен сатудың, соның ішінде экспортқа, көлемін ұлғайту, қосымша инвестициялар тарту;

табигат қорғау бағдарламасы мен жұмыс орындарының қолда бар санын сақтауды қамтитын әлеуметтік бағдарламаны әзірлеу және іске асыру жөніндегі міндеттемелерін көздесін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.13. N 347 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК